

**ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МҚҚ-ның жалпы жиналышының
ХАТТАМАСЫ № 03**

29.09.2023 ж.

Ленгір қаласы

Түркістан облысы деңсаулық сақтау баскармасының ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» (бұдан әрі – Кәсіпорын) МҚҚ-ның 2015 жылғы 18 қарашадагы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы бойынша тиісті шарлар туралы жиналыш еткізілді.

Кәсіпорын басшысы төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен барлық әкімшілік болімі, болім менгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер және аға мед. бикелермен мейірбикелер қатысып ақпараттық-түсіндіру шараларын еткізді.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі» (2015 жылғы 18 қарашадагы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);

2. «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ұлтілік ереже» (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрагасының 2023 жылғы 31 наурыздагы №112 бұйрығы);
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бойынша 2015 жылғы 18 қарашадагы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабында көзделген: 16-бап. Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары.

1. Кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша:

1) шешімдер кабылдау рәсімдерінің есептілігін, бақылауда болуын және ашықтығын қамтамасыз ететін үйымдық-құқықтық тетіктерді белгілеу;

2) адаптациялестік кагидаттарын сактау;

3) мүдделер қактығыстарын болғызыбау;

4) іскерлік әдеп нормаларын қабылдау және сактау;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі шараларды қабыллау;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен және өзге де үйымдармен өзара іс-қимыл жасау арқылы шаралар қабылдайды.

2. Кәсіпкерлік субъектілері үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі стандарттарды қасиеттік субъектілерінің бірлестіктері (қауымдастықтары, одактары) әзірлеуі және қабылдауы мүмкін.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектісінде негізгі міндеті осы үйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылатын құрылымдық бөлімшесі немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам айқындалады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын атқаратын жауапты адам мүдделердің ықтимал қактығысы ескеріле отырын айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің

кызметін үйімдастыру мен оның тәртібі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі актісінде айқындалады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ұшылған ережені әзірледі және бекітеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер күргуға құқылы.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ұлгілік ереже

Жалпы ережелер

1. Осы квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ұлгілік ереже (бұдан әрі – Ұлгілік ереже) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының З-тармағына сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Зан).

2. Осы Ұлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындаудың күрылымдық болімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қагидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындауды.

3. Квазимемлекеттік сектор субъектілері өз қызметінің ерекшелігін негізге ала отырып, осы Ұлгілік ережені ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы ережені бекітеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

5. Осы Ұлгілік ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және сінгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызмет;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ

сыбайлас жемқорлық күкүк бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумактық болімшелері.

6. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Бұл ретте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшесі немесе жауапты тұлға квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдың шешімімен, көрсетілген органдар болмagan жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы айқындейді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органдынан, лауазымды адамдарынан тәуелсіз жүзеге асырады, директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдына есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумактық болімшелері көрсетеді.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

11. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Үлгілік ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға койылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесі, байқау кеңесі (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органдар, көрсетілген органдар болмagan жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметтінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сактауын қамтамасыз ету, сондай-ак сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық күкүк бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асуру;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлық тәүекелдеріне ішкі талдау жүргізуін қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қагидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

14. Квазимемлекеттік сектор субъектісі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынаңдай қагидаттарды басшылыққа алады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің акпараттық ашықтығы;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

квазимемлекеттік сектор субъектісінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдының ішкі саясаты;

квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі нұсқаулық;

квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудін ішкі саясаты;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамага сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

корпоративтік әден пен мінезд-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын тиімділігіне қатысты акпарат жинауды, өндеуді, корытууды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуін үлгілік қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандагы № 12 бұйрығымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуін үлгілік қагидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлестіреді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінін бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларта мониторингті жүзеге асырады;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісін қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез құлық мәселелерін сақтауын бакылауды қамтамасыз етеді;

9) квазимемлекеттік сектор субъектісін ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет күзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауга үәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бакылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісін құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауды мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мұдделер қақтығысын, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісін жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процесстер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) квазимемлекеттік сектор субъектісіндегі сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы отініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

16) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) квазимемлекеттік сектор субъектісін құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағыту жүргізеді;

18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектісін құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің акпаратын тыңдайды;

19) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процесстерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

20) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қақтығысының туындаудына әкеп соктайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

16. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесінін, байқау кеңесінін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының шешімімен көрсетілген органдар болмаган жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы сыйбайлас жемқорлыққа

қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекке ақы төлеудің шарттарын айқындаиды.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша квазимемлекеттік сектор басшысының шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет кызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және енбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және кызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқыктары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін кызметкердің қызметтік құқыктары мен міндеттерін айқындаитын құжаттармен айқындалады және оларды квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы бекітеді.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша, корсетілген органдар болмagan жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына ұсыныс береді.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан квазимемлекеттік сектор субъектісінің басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствога бағынысты үйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік үйымдар өткізетін оқыту ішараларына катысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметтің шеңберінде:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) корсетілген органдар болмagan жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына директорлар кенесінің, байқау кенесінің (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органының карауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруга бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қымыл туралы заннамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі үәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шеңберінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге катысады;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметкерлерінің квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың болуы немесе ықтимал

мүмкіндігі туралы хабарлауы не квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар үшін әкпараттандыру арналарын құрады;

24. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы әкпараттың, сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік әкпараттың, егер онда дайындалып жаткан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылық туралы десрктер болмаса, құпиялылығын сактайды;

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемкорлықтың, корпоративтік Эден кодексінің және өзге де ішкі күжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаган жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын сыйбайлас жемкорлыққа қарсы заннаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы үақтылы хабардар етеді;

4) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі үәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жаткан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінің белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сактайды.

25. Сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар катысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындаған зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия әкпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) інтижесінде сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындаған залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға,

6) мүдделер кактығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

26. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшылығы:

1) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта күруга жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (үйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде әкпараттық жүйелер мен косымшаларды (қажетті дереккорларға колжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дәғдилар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жүмыстағы өзара сынайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

28. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындаитын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі

29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның әдрау салуы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.

30. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің директорлар кенесіне, байқау кенесіне (ол болған кезде) немесе Қазакстан Республикасының заңнамасымен айқындалған өзге де тәуелсіз басқару органына, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына мерзімді түрде есеп береді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүтінеді.

Жоғарыдағы аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық ұйымдардың басшысы, орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім менгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер және аға мед. бикелермен мейірбикелер тікелей жаукершілігімен Қазакстан Республикасының 2015 жылғы жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» № 410-V заңды басшылыққа ала отырып, басқарып отырган мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындаған, онда көзделген тәртептік шара қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне көмектесуге міндетті.

КР қолданыстағы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ қабылданған шектеулерді мұлтікіз сактау бұзу фактілеріне жол бермеу туралы нұскау берілді, Сонымен бірге Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендігі туралы барлық медицина қызметкерлерімен тансытырылған.

Бандамашыға сұралктар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Жоғарыдағы аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық ұйымдардың басшысы, орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім менгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер және аға мед. бикелермен мейірбикелер тікелей жаукершілігімен Қазакстан Республикасының 2015 жылғы жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» № 410-V заңын басшылыққа ала отырып, басқарып отырган мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындаған, онда көзделген


тәртәптік шара қолдана отырып, сыйбайлас жемкорлыққа карсы күрес жүргізуге және сыйбайлас жемкорлыққа карсы комплаенс-қызметіне көмектесуге міндетті.


КР қолданыстағы заннамасының нормаларын, сондай-ақ қабылданған шектеулерді мұлтіксіз сактау және бұзу фактілеріне жол бермеу туралы нұсқау берілді, Сонымен бірге Сыйбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендігі туралы барлық медицина қызметкерлерімен тансытырылған.

Бандамашыға сұраптар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Торагалық етуші:

Хаттаманы тұзғен:


Е.Е.Султанов


А.А.Маткаримова